Қазақстан Республикасы
ІІМ Басқару академиясы

Академия управления
МВД Республики Казахстан

ХАТТАМА
№ 1
Астана қ.
2025 ж. 18.09.

ПРОТОКОЛ
№ 1
г. Астана
18.09.2025 г.

Ғылыми-әдістемелік және
редакциялық-баспа кеңесінің отырысы

Төраға – О.Т. Сейтжанов
Хатшы – А.М. Алимханова
Қатысқандар: 13 адам (тізімі қоса беріледі).

КҮН ТӘРТІБІ:

1. ҚР ІІМ Басқару академиясының Ғылыми-әдістемелік және редакциялық-баспа кеңесінің жаңа құрамын талқылау туралы.

ҒЗжРБЖҰБ бастығы полиция полковнигі Ж.Ш. Кусаиновтың баяндамасы.

2. Полиция қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды талқылау.

ҒЗИ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Е.М. Хакимовтың баяндамасы.

3. ҚР ҚК 115-1, 125-1, 232-1, 352-1 баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар жинағын қарау туралы.

ҒЗИ аға ғылыми қызметкері полиция подполковнигі А.М. Жусипбековаңың баяндамасы.

4. Кәмелетке толмағандар қатысқан әкімшілік және сотқа дейінгі іс жүргізу барысындағы іс-әрекеттер алгоритмін қарау туралы.

ҒЗИ аға ғылыми қызметкері полиция подполковнигі А.М. Жусипбековаңың баяндамасы.

5. «Қылмыстық кодекстің 301-1-бабының 1-бөлігінде көзделген «Шегілмейтін темекі бұйымдарының, электрондық тұтыну жүйелерінің (вейптердің), хош иістендіргіштер мен оларға арналған сұйықтықтардың айналымы» қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу» әдістемелік ұсынымдарын қарау туралы.

ҒЗИ аға ғылыми қызметкері полиция подполковнигі А.М. Жусипбековаңың баяндамасы.

6. «ҚР ІІМ Ішкі істер органдарындағы тәртіптік жауапкершілік және жұмыстан шығару жөніндегі практикум» оқу-практикалық құралын (практикумды) қарау туралы.

Scanned with CamScanner

ҒЗИ ІІО ҚАЖ проблемаларын зерттеу орталығының бастығы полиция подполковнигі Д.К. Райбаевтың баяндамасы.

7. Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы туралы ережені қарау туралы.

ЖООКББФ аға әдіскер-оқытушысы полиция подполковнигі С.А. Дарменованың баяндамасы.

8. Докоранттың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы ережені қарау туралы.

ЖООКББФ аға әдіскер-оқытушысы полиция подполковнигі С.А. Дарменованың баяндамасы.

9. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы ережені қарау туралы.

ЖООКББФ аға әдіскер-оқытушысы полиция подполковнигі С.А. Дарменованың баяндамасы.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Кусаинов Ж.Ш. – ҚР ІІМ Басқару академиясының Ғылыми-әдістемелік және редакциялық-баспа кеңесінің жаңа құрамын бекіту қажеттігі туралы сөз сөйледі. Өзгерістер кадрлық ауысуларға және Кеңес қызметін ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі №157 бұйрығына сәйкестендіруге байланысты екендігін атап өтті. Кеңестің жаңа құрамымен бұйрық жобасы қарауға ұсынылды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Айтуарова А.Б. – құрылымдық бөлімшелер басшыларының орынбасарларын Кеңес құрамына енгізудің орындылығы туралы пікір білдірді.

Сейтжанов О.Т. – ұсынысты қолдамады, қазіргі уақытта барлық басшылық лауазымдар толық жасақталғанын, осыған байланысты орынбасарларды енгізудің объективті қажеттілігі жоқ екенін атап өтті. Қолданыстағы ұйымдық құрылымды ескере отырып, бұйрық жобасы жеткілікті деңгейде қалыптастырылғанын көрсетті. Ескертулер болмаған жағдайда бұйрық жобасын мақұлдауды ұсынды.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. ҚР ІІМ Басқару академиясының Ғылыми-әдістемелік және редакциялық-баспа кеңесінің жаңа құрамы 1-қосымшаға сәйкес мақұлдансын.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Хакимов Е.М. – ҚР ІІО қызметкерлерінің кәсіби оқыту жүйесін жетілдіру және біліктілігін арттыру үшін әзірленген Әдістемелік ұсынымдарды таныстырды. Құжат кәсіби, цифрлық және коммуникативтік құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлеудің әдістемелік тәсілдерін қалыптастыруға арналғанын атап өтті. Ұсынымдарда халықаралық тәжірибе (Германия, Сингапур, Корея Республикасы және т.б.) ескерілген, оқытудың заманауи нысандары (аралас, модульдік, VR/AR технологияларын қолдану арқылы) және тиімділікті бағалау құралдары ұсынылған. Ұсынымдарды іске асыру үздіксіз оқытудың икемді жүйесін қалыптастыруға және сапаның бірыңғай стандарттарын

Scanned with CamScanner

енгізуге мүмкіндік беретінін баса айтты. Рецензенттер ретінде ҚР ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының қосымша білім беру факультетінің бастығы, п.ғ.к., полиция полковнигі А. Саттарова, сондай-ақ ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қосымша білім беру факультетінің бастығы, PhD, қауымдастырылған профессор, полиция подполковнигі Д. Қалқаманұлы қатысқанын хабарлады.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Еремеев Д.В.: Әдістемелік ұсынымдар кімдермен талқыланды?

Хакимов Е.М.: Ғылыми-зерттеу институтының отырысында талқыланды, Жеке құраммен жұмыс жөніндегі департаменттің ведомстволық білім беру басқармасына жіберілді. Жалпы мақұлданды, тек бізге осы әдістемелік ұсынымға практикалық қызметкерлер үшін ықшамдалған нұсқасын дайындауды сұрады.

Еремеев Д.В.: Өткен жылғы біліктілікті арттыру курстарының қорытындысы бойынша сертификат алмаған тыңдаушылар саны бойынша Алматы академиясының тәжірибесі зерттелді ме?

Хакимов Е.М.: Жоқ, зерттелген жоқ.

Еремеев Д.В. – біліктілікті арттыру жүйесінде оқу материалын игеру динамикасын бағалауға мүмкіндік беретін (кіру кезіндегі және оқу қорытындысы бойынша нәтижелерді салыстыру) кіру және шығу бақылауы қолданылатынын атап өтті. Жекелеген білім алушылар қорытынды бақылаудан өтпей, соған байланысты сертификат алмайтын жағдайлар орын алатынын көрсетті. Осы фактілер бойынша бұған дейін тәртіптік жауапкершілікке тарту, тіпті атқаратын лауазымынан босатуға дейінгі мәселе көтерілген болатын. Жауапты бөліністер тарапынан талдау жұмысының тиісті деңгейін қамтамасыз ету, соның ішінде әрбір біліктілікті арттыру курсының қорытындысы бойынша негізделген есептер дайындау қажеттігін баса айтты. Оқыту нәтижелері бойынша білім беру процесін жақсартуға және жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар қалыптастыруды ұсынды.

Сейтжанов О.Т. – айтылған ұсыныстарды қолдады және Е.М. Хакимовқа Кеңес мүшелерін әдістемелік ұсынымдармен қол қойғыза отырып таныстыруды, келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың ескерілуін қамтамасыз етуді және пысықталғаннан кейін құжатты Ғылыми кеңестің қарауына енгізуді тапсырды.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. «Қазақстан Республикасы полиция қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу» әдістемелік ұсынымдары мақұлдансын.

3. Пысықталған нұсқа Академияның Ғылыми кеңесінің қарауына жіберілсін.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Жусипбекова А.М. – «ҚР ҚК 115-1, 125-1, 232-1, 352-1-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» жинағын таныстырды. Жинақ ҚР Ішкі істер министрі

Scanned with CamScanner

орынбасарының тапсырмасы бойынша дайындалған және тергеушінің құқық бұзушылықтардың жаңа құрамдарын (Сталкинг, Некеге тұруға мәжбүрлеу, Банктік шотқа заңсыз қол жеткізуді қамтамасыз ету және Кемені басқаруға кедергі жасау) тергеу жөніндегі іс-қимылдарын біріздендіруге және алгоритмдеуге бағытталған. Құжатта қылмыстық-құқықтық сипаттама, дәлелдеу мән-жайлары, тергеу алгоритмі және халықаралық тәжірибе қамтылған. Жинақтың құқық қолдану практикасының түйткілдерін шешу және оқу процесін жетілдіру үшін практикалық маңызы зор.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Сейтжанов О.Т. – Авторлық ұжымға материалды жедел әрі сапалы дайындағаны үшін алғыс білдірді. ҚР ҚК-не жаңа құрамдардың, оның ішінде киберқауіпсіздік және отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл саласындағы жаңа нормалардың енгізілуі уақтылы әрі толыққанды әдістемелік қамтамасыз етуді талап ететінін атап өтті. Ұсынылып отырған жинақ тергеу бөліністері үшін маңызды практикалық құрал болып табылатынын және істердің осы санатын тергеу кезінде құқық қолдану практикасының бірізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін баса айтты. Жинақты тираждауды және барлық аумақтық тергеу бөліністеріне жеткізуді ұйымдастыруды ұсынды. Басқа ұсыныстардың түспеуіне байланыс жинақты қолдауды ұсынды.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. «ҚР ҚК 115-1, 125-1, 232-1, 352-1-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» жинағы мақұлдансын және Академияның Ғылыми кеңесінің қарауына жіберілсін.

4. ТЫҢДАЛДЫ:

Жусипбекова А.М. – «Кәмелетке толмағандардың қатысуымен әкімшілік және сотқа дейінгі іс жүргізу барысындағы іс-қимыл алгоритмі» жинағы туралы баяндады. ҚР Ішкі істер министрі орынбасарының тапсырмасы бойынша дайындалған жинақ кәмелетке толмаған жәбірленушілермен немесе құқық бұзушылармен жұмыс істеу кезінде тергеушінің, анықтаушының және әкімшілік полицияның іс-қимылдарын біріздендіруге бағытталған. Құжат 8 бөлімнен тұрады, оған егжей-тегжейлі алгоритмдер мен ата-аналарға арналған жадынамалар кіреді. Жинақ ювеналды әділет саласындағы құқық қолдану практикасының мәселелерін шешуге және оқу процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Сейтжанов О.Т. – Бұл жинақтың ерекше әлеуметтік маңыздылығын баса айтты. Кәмелетке толмағандармен жұмыс істеу барынша сезімталдықты, процедуралардың мінсіз сақталуын және жоғары кәсібилікті талап етеді. Жинақтағы нақты алгоритмдер қателіктерді азайтады, балалар мен олардың заңды өкілдерінің құқықтарын қорғайды. Ол ювеналды полиция мен тергеудегі барлық қызметкерлер үшін міндетті нұсқаулық болуға тиіс деп санайды.

ШЕШТІ:

Scanned with CamScanner

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. «Кәмелетке толмағандардың қатысуымен әкімшілік және сотқа дейінгі іс жүргізу барысындағы іс-қимыл алгоритмі» жинағы мақұлдансын және Академияның Ғылыми кеңесінің қарауына жіберілсін.

5. ТЫҢДАЛДЫ:

Жусипбекова А.М. – «ҚР ҚК 301-1-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу» әдістемелік ұсынымдары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі орынбасарының тапсырмасы бойынша әзірленгенін баяндады. Құжатты ҚР ІІМ Тергеу департаментінің қатысуымен ҚР ІІМ Басқару академиясының авторлық ұжымы дайындады. Әдістемелік ұсынымдар шегілмейтін темекі бұйымдарының, электрондық тұтыну жүйелерінің (вейптердің), оларға арналған хош иістендіргіштер мен сұйықтықтардың айналымына байланысты құқық бұзушылықтарды тергеу кезінде тергеушінің қызметін біріздендіруге және алгоритмдеуге бағытталған. Құрылымы мыналарды қамтиды:

қылмыстық-құқықтық сипаттама;

дәлелденуге жататын мән-жайлар;

тергеу алгоритмі.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың жаңа құрамы бойынша құқық қолдану практикасының қалыптасу жағдайында олардың практикалық маңыздылығы атап өтілді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Сейтжанов О.Т. – қылмыстық заңнаманың жаңа нормаларын жедел әдістемелік қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты ұсынылып отырған ұсынымдардың өзектілігін атап өтті. Құжат құқық қолданудың бастапқы кезеңінде қателіктерді азайтуға және тергеу практикасының бірізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін баса айтты.

Хакимов Е.М. – ұсынымдарды аумақтық бөліністердің практикалық қажеттіліктеріне қарай одан әрі бейімдеу және жедел пайдалану үшін қысқаша нұсқасын дайындау қажеттілігі бар-жоғын сұрады.

Сейтжанов О.Т. – егер тапсырыс беруші талап етпесе, онда бұған қажеттілік жоқ деп жауап берді.

Сұрақты пысқтап, Кеңес бір шешімге келді.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. «ҚР ҚК 301-1-бабының 1-бөлігінде көзделген «Шегілмейтін темекі бұйымдарының, электрондық тұтыну жүйелерінің (вейптердің), оларға арналған хош иістендіргіштер мен сұйықтықтардың айналымы» қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу» әдістемелік ұсынымдары мақұлдансын және Академияның Ғылыми кеңесінің қарауына жіберілсін.

6. ТЫҢДАЛДЫ:

Райбаев Д.К. – «Қазақстан Республикасы ІІМ ІІО-дағы тәртіптік жауапкершілік және жұмыстан босату бойынша практикум» оқу-практикалық құралы ҚР ІІМ Басқару академиясының ҒЗИ базасында әзірленгенін баяндады.

Scanned with CamScanner

Практикум тәртіптік іс жүргізу сапасын арттыруға, кадрлық шешімдердің заңдылығын қамтамасыз етуге және күші жойылған тәртіптік жазалар санын азайтуға бағытталған.

Мазмұны мыналарды қамтиды:

тәртіптік практика мәселелерін талдау;

сот практикасына шолу;

тәртіптік жауапкершілікке тарту кезіндегі типтік қателіктер;

қызметтік тергеу алгоритмі;

тәртіптік жазаларды қолдану тәртібі.

Құжаттама рәсімдеу, дәлелдемелік база және ең соңғы шара ретінде жұмыстан босатуды негіздеу мәселелеріне ерекше назар аударылған.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Э.А. Алимова – практикумды біліктілікті арттыру жүйесінде және басқарушы құрамды даярлау кезінде пайдалану қажеттігін көрсетті.

Сейтжанов О.Т. – аталған ұсынысты қолдады және басқарушы құрамды даярлау факультетінің бастығына оны оқу процесіне енгізу мәселесін қарауды тапсырды. Кеңес мүшелері тарапынан ескертулер болмаған жағдайда, оқу-практикалық құралын мақұлдауды ұсынды.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. «Қазақстан Республикасы ІІМ ІІО-дағы тәртіптік жауапкершілік және жұмыстан босату бойынша практикум» оқу-практикалық құралы мақұлдансын және Академияның Ғылыми кеңесінің қарауына жіберілсін.

7. ТЫҢДАЛДЫ:

Дарменова С.А. – Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы туралы ереже жобасы туралы баяндады. Құжат магистранттардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруды жетілдіруге, оларда практикалық және зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыруға, сондай-ақ ғылыми жұмыстарды орындауға жүйелі көзқарасты қамтамасыз етуге бағытталған. Ереже эксперименттік-зерттеу жұмысын орындаудың мақсаттарын, міндеттерін, кезеңдерін және бақылау нысандарын регламенттейді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Сейтжанов О.Т. – Ұсынылған Ереже жобасы алға қойылған міндеттер мен талаптарға сәйкес келетінін атап өтті. Кеңес мүшелері тарапынан ескертулер болмаған жағдайда, құжатты мақұлдауды және оны одан әрі қарауға ұсынуды ұсынды.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Ереже жобасы мақұлдансын және Академияның Ғылыми кеңесінің қарауына жіберілсін.

8. ТЫҢДАЛДЫ:

Дарменова С.А. – «8D12301 – Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы ереже туралы баяндады. Құжат докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысын (ДҒЗЖ) ұйымдастыруды, соның ішінде зерттеуді орындау кезеңдерін,

Scanned with CamScanner

жарияланымдық белсенділікке қойылатын талаптарды, ғылыми тағылымдамалардан өтуді және докторлық диссертацияны дайындауды регламенттейтінін атап өтті. Ереже докоранттардың ғылыми даярлық сапасын арттыруға және халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз етуге бағытталғанын баса айтты.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Сейтжанов О.Т. – ұсынылған құжаттың өзектілігін және оның докоранттарды даярлау сапасын арттыру үшін маңыздылығын атап өтті. Кеңес мүшелері тарапынан Ереже жобасы бойынша ескертулер болмаған жағдайда, оны мақұлдауды ұсынды.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Докоранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы ереже мақұлдансын және Академияның Ғылыми кеңесінің қарауына жіберілсін.

9. ТЫҢДАЛДЫ:

Дарменова С.А. – «7М12301 – Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы ереже туралы баяндады. Құжат магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысын (МҒЗЖ) ұйымдастыру тәртібін, соның ішінде зерттеулерді орындау кезеңдерін, есептілікке, жарияланымдық белсенділікке қойылатын талаптарды және магистрлік диссертацияны дайындауды айқындайтынын атап өтті. Ереже магистранттарда ғылыми қызмет дағдыларын қалыптастыруға және бітіру жұмыстарын дайындау сапасын арттыруға бағытталғанын баса айтты.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Сейтжанов О.Т. – ұсынылған Ереже жобасы жалпы алғанда белгіленген талаптарға сәйкес келетінін және магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың негізгі тәсілдерін көрсететінін атап өтті. Құжат зерттеулерді орындау процесін ретке келтіруге және магистрлік диссертацияларды дайындау сапасын арттыруға мүмкіндік беретінін баса айтты. Кеңес мүшелері тарапынан ескертулер болмаған жағдайда, Ережені мақұлдауды және оны Ғылыми кеңестің қарауына ұсынуды ұсынды.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. «7М12301 – Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы ереже мақұлдансын және Академияның Ғылыми кеңесінің қарауына жіберілсін.

Төраға О. Сейтжанов

Хатшы А. Алимханова

Scanned with CamScanner